

**КӨРКЕМДІК
ШЫҒАРМАДАҒЫ
ТҰЛҒАЛЫҚ БЕЙНЕНІ
ЗЕРТТЕУ ДЕҢГЕЙІ**

Мәдениет – әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Мәдениеттің тұрақты жағы – мәдени дәстүр, соның арқасында тарихтағы адамзаттық тәжірибесіне сүйеніп, оны кемелдендіреді, дамытады. Өнер – қоғамдық сананың ең көне формаларының бірі. Оның сананың басқа формаларынан, мәселен ғылым мен философиядан айырмашылығы сол, ғылым мен философия сыртқы дүниенің теориялық бейнесі, яғни олар теориялық ойлау болып табылса, өнер шындықтың көркем бейнесі болып табылады. Өнер өте ертеде қалыптасты. Алғашқы адамдар кейінгі ұрпақтарға тас балталар мен сүйектен жасалған найзалар ғана қалдырған жоқ, сонымен қатар үнгірлердің қабырғаларына салынған түрлі суреттер, балшықтан, тастан жасалған мүсіндер де қалдырған. Өнер қалай пайда болды? Батыс әлеметтанушылары мен өнер теоретиктері әдетте өнерді «адам жанының құпия қасиетінен» немесе адамның туысынан бірге болатын «тамашалау сезімінен». Өнердің шығуы жөніндегі мұндай көзқарастың теориялық негізі философиялық идеализм екенін түсіну қиын емес. Кейбір батыс теоретиктері өнердің негізін жануарлар дүниесінен, атап айтқанда, құстардың шырылынан, олардың түлеуінен, хайуанаттардың ойынынан тағы басқаны іздейді. Сөйтіп, өнерді адамның табиғатқа еліктеуі деп түсіндіреді. Ал өнерді тудырған қоғамдық қажеттіліктер қандай? Адам еңбек процесінде айналадағы дүниені танып біледі. Бұл білім оған өте қажет, өйткені еңбек дегеніміз білімді қажет ететін мақсатты да саналы іс-әрекет. Алайда еңбек ету процесінде көздеген мақсатқа жету үшін білім ғана жеткіліксіз, ол үшін белгілі бір мінез-құлық сапалары, мысалы табандылық, ержүректілік, ынтымақтылық сезім және сондай-ақ қара күш сапалары – күшқуат, төзімділік, ептілік тағы басқалары керек. Ал бұлардың бәрі адамға өздігінен келмейді, оларды тәрбиелеу қажет. Өнер сол сапаларды тәрбиелеудің маңызды бір құралы ретінде пайда болды. Қысқасы, өнерді тудырған қоғамдық өмір қажеттіліктері, біріншіден, дүниетану және, екіншіден, адамды тәрбиелеу. Өнердің мынадай үш негізгі ерекшелігін атап көрсету керек: біріншіден, өнер шындықты бейнелендіру формасы, яғни дүниетану формасы; екіншіден, өнер қоғамдық сананың адам

эстетикалық сезім тудыратын формасы. Өнердің шындықты бейнелендіру формасы ретіндегі ерекшелігі ең алдымен оның нені және қалай бейнелендіретінімен анықталады. Өнер дүниені адамның нақты сезімдік формада бейнелендіру қабілетіне негізделеді. Егер құбылыс пен мән бір-біріне сәйкес келсе, демек, адам сезім мүшелерімен құбылыстардың мәнін тікелей танып біліп отырса, онда ешқандай ғылымның керемі болмас еді. Бірақ құбылыстың мәнін тікелей сезіну арқылы білуге болмайды. Ғылым заттар мен құбылыстарға тән жалпы, маңызды қасиеттердің, қатынастардың бейнесі, демек мәнің бейнесі. Бұл жалпы мәнді ғылым жалпы ұғымдар мен категориялар, заңдылықтар формасында бейнелендіреді. Өнер де жалпыны бейнелендіреді, бірақ оны абстракция формасында емес, жинақталған жеке образ формасында немесе, өнер тілімен айтқанда, типтік образ формасында бейнелендіріледі. Шындықта жалпы типтік образ жеке нәрселерде ғана өмір сүруде, демек, жеке нәрселер арқылы көрінеді. Сондықтан өнердегі типтік образ дегеніміз жинақталған, жалпыланған образ. Бірақ ол жалпыланған типтік образ жеке образ арқылы бейнелендіріп көрсетіледі. Өнердің шындықты бейнелеу формасының ерекшелігі сол, ол көркем образ болып табылады. Көркем образ дегеніміз ең маңызды, типтік образды жеке образ арқылы көрсету немесе өмірдің жалпы, маңызды типтік жақтарын жеке құбылыс формасында, яғни нақтылы сезімдік формада бейнелеп көрсету. Демек, көркемобразды (бейнені) ұғыммен де, түйсікпен де теңгеріп қарауға болмайды. Көркем образдың ерекшелігі сол, ол жалпыны жеке арқылы танып білу. Нағыз өнер шығармаларындағы көркем образдар шындықтың сырт белгілерін бейнелемей, маңызды жақтарын бейнелейді. Өнер – қоғамдық сананың идеологиялық формасы. Өнер идеологиямен екі тұрғыдан байланысты. Біріншіден, ол белгілі бір таптың мүддесіне қызмет етіп, оның саяси, моральдық, философиялық, эстетикалық және тағы басқалардың көзқарастарының насихатшысы және, екіншіден, ол адамдардың қоғамдық қатынастарымен тығыз байланысты, қоғамдық сананың басқа формалары сияқты, қоғам алдында тұрған әлеуметтік мәселелерді шешуге қызмет етеді.

Өнердің келесі ерекшелігі сол, ол – қоғамдық сананың эстетикалық сезім тудыратын формасы. [1,554б].

Суретші, жазушы шындық құбылыстарына тән эстетикалық сапаларды ашып көрсетеді. Сондықтан көркем шығармаларда өмір белгілі

бір эстетикалық идеяларға сәйкес бейнеленеді, яғни өнер шындық нәрселері мен құбылыстарын көрікті немесе көріксіз, көңілді немесе көңілсіз, қайғылы немесе күлкілі деген сияқты категориялар формасында бейнелеп, баға береді. Әдемілік, көркемділік адамның күнделікті өмірінде зор роль атқарады. Адамды қоршаған орта көркем болса, оның өзі адамды көңілдендіріп, еңбек пен өмір шабытын тудырады. Адам тек ғылым заңдарына сәйкес қана емес, «әдемілік заңы бойынша» да еңбек етеді деп атап көрсеткен болатын К. Маркс. Өнер арқылы мәдениет өзінің тұңғыш тереңінде болып жатқан құбылыстарын дәп бір айнаға қарап көргендей, байқап отырады. Сондықтан да өнерді «мәдениеттің айнасы» деп анықтауда негіз бар. Нақты тарихи жағдайлар шеңберінде белгілі бір ұлттың, этностың мәдениетінде өнер аоқылы сол мәдениеттің әлемді және әлемдегі адамды түсінуін көреміз. «Өнер – мәдениеттің айнасы» деп бекер айтылмаған. Ол мәдениеттің жаны, оның өзіндік танымының түрі. Сұлулық заңы бойынша адамның дүниені игеру барысында әдеби мәтіндерге, мүсінге, сәулет туындыларына, суреттерге, әуенге, биге және тағы сол сияқты негізделген өнер түрлері қалыптасады. Өнер деп адамның рухани болмысына, сезіміне, эмоциясына әсер етіп, оны толғандыратын суреткер қолынан шыққан шығармашылық үлгісін айтамыз. Өнер – адами ақиқат, адамдандырылған «екінші әлем». Өнер, көркем бейне және жасампаздық тікелей әлеуметтік адам тұлғасымен байланысты категориялар. Өнерде үйлесімділік ретінде танылған кемелділік бейнесі жасалады. Өнер арқылы адамның әмбебаптылығы ашылады. Өнер адамның шексіз болмыстық сұрақтарына жауап табуға талпыныс барысында гуманистік принциптерді қалыптастырады. Нәтижесінде, өнер тек белгілі бір қоғамның даму нәтижелерін көрнекілеп қана қоймай, сонымен қатар, әлеуметтік-рухани өмірдің күйіне әсер ететіндігін білдіреді. Әсемдік, әдемілік, сұлулық сынды бірдеңгейлік ұғымдар мазмұнына негізделген өнер туындысы үшін адам мен қоғамның еркіндік туралы түсінігінің мәні зор.

Адам баласы әсемдікті сезіну арқылы рахаттанып, одан қуат алып адамдық қасиеттерін қалыптастырады. Әрбір рухани сезім белгілі бір әрекеттерден туады, яғни жеке тұлғаның әсемдік әлемін сезініп, одан рахат табуы үшін, оның өнерді түсініп, ой елегінен, түйсіктен өткізу арқылы тәрбиелік тұрғыда әсер етеді. Өнер- эстетикалық тәрбиенің басты құралы. Эстетикалық тәрбие арқылы жеке тәрбиеленушінің эстетика-

калық танымы, эстетикалық білімі, көркемөнер дарынының нышандары дамиды. Өмірге эстетикалық көзқарасы, эстетикалық санасы қалыптасады да, ол ұлттық мәдениеттің дамуына зор әсерін тигізеді. Өнер-адам жанына рухани азық болады, адамның адамгершілік сезімдерін молайтады. Өнердің құндылығы да осында жатыр.

Көркем мәдениет негізін өнер құрайды. Ол эстетика, көркемдік құндылықтар әлеуметтік динамикасы сол арқылы сезіледі. Өнер – көркем образдар туындысы, аяқталған ойдың жемісі, материалдық және рухани өмірдің өзге де эстетикалық аспектілерінің бірлігінен туындайды. Өнер көркем мәдениеттің күрделі конфигурациясы мен динамикасын білдіреді. Адам өмірінің ерекше салаларының бірі ретінде қалыптасқан өнер шығармашылық-инновациялық әдісі орындау шеберлігінің жоғарылығы, бет-бейнесі қайталанбайтын әрбір туындының дара-авторлық сипатымен ерекшеленеді. Өнер ұғымы айналымға б.д.д. 4–3 мыңжылдықта енді. Бастамасында мәні тек қала құрылысы өнерімен байланысты болды. Біртіндеп қоғамның әлеуметтік таптарының ерекшеленуіне байланысты, әлеуметтік престиж бен сол мақсатта ақысын төлеп, сапасы, көркемдігі ерекше бұйымдарға тапсырыс беретін және оның ақысын төлеуге қабілетті кісілердің шығуынан өнер саласы дамыды. [2,503б]. өнер

Өнер – көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жандүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы. Өнер өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түрлендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. [2,503б]. өнер

Оны қоғамдық сананың өзге формаларынан даралайтын белгісі де адамның шындыққа деген эстетикалық қатынасы болып табылады. Өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. Көркем шығарманың бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері тұрады. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі. Шығарманың суреттеу тәсілі, құрылымдық келбеті, көркем бейне жасаудың материалдық арқауы өнер түрлерінің ерекшеліктерін айқындайды.

Көркем шығармашылық – мәдени практиканың аса динамикалы, мәдени тәжірибедегі аумағының өзгермелілігімен ерекшеленетін, әлеуметтік, экономикалық, саяси және өзге өмір

салаларындағы ерекшеліктерді бірден қабылдайды, «әлеуметтік тапсырыс» мен нарықтағы өзгерістерге жауап қататын сала.

Постиндустриалды қоғамда көркемдік мәдениет дамыған көркемдік туындыны қалыптастыру индустриясына айналып, оның қамтамасыз етілуі мен жүзеге асырылуын көркемдік мәдениеттің көптеген ішкі жүйелері жүзеге асыруда.

Постиндустриалды елдердегі заманауи көркемдік мәдениет – аса дамыған және табысты әлеуметтік қызмет көрсету салаларының бірі болып табылады. Дәстүрлі халықтық ауыз әдебиеті мұраларына деген халықтың қызығушылығы төмендеген (басқаша айтсақ, ауыл-аймақта дамыған кәсіби емес көркемдік шығармашылық шығармашылықтың қалалық әлеуметтік ортаға ауысуы, сол арқылы бұл құбылыстың қалалық бұқаралық мәдениеттің элементтерінің бітісуі) кезеңде көркемдік мәдениет тұтастай алғанда оның ішкі дифференциялығы принципін өзгерту тенденциясы байқалды. Әлеуметтік негіздегі жанрлардың («жоғары» деңгейдегі және «төмен» жанрлардың) басқа да көркемдік феномендердің коммерциялық рентабелділігінің деңгейлерінің иерархиясына деген

Көркемдік мәдениеттің мұндай әлеуметтік құрылымын қайта құруы ең алдымен ұлттық көркемдік мәдениеттің құрылуымен байланысты. [2,437б].

Көркемдік мәдениетке қоғамның барлық өкілдеріне тән ұлттық көркемдік мәдени құндылықтарға және көркемдік эрудицияның белгілі бір деңгейі, субмәдени құбылыстардың әлеуметтік стратификациялылығы деңгейлерінің айқын еместігі тән. Бұл фактор түптің түбінде көркемдік мәдениеттің әлеуметтік-интеграциялық маңызын көрсетеді. Бұл үдерісте маңызды рөлді бұқаралық репродукциялық мен өнер туынылары таралымын арттыру құралдары, сонымен қатар олардың электронды БАҚ арқылы қашықтықтан таратылуы атқарады.

Постиндустриалды елдер мәдени өмірінде соңғы кезеңде көркем мәдениетте көркем мәдениет рентабелді, яғни көрермен сұранысына ие, көркемдік мәдениеттегі «классикалық» бағыт заманауи мәдени практиканың өзекті саласы ретінде қарастырылуда әрі құндылықтық-креативтік, әлеуметтендіруші және интеграциялық қызмет атқаруда. Көркем мәдениеттегі «классикалық» жанрдың дағдарысы туралы пайымдаулар негізсіз.

Көркем мәдениеттің әлеуметтік-мәдени функцияларын тұтастай алғанда, ең алдымен, адамдардың әлеуметтік өмір тәжірибесін адам-

гершілік тұрғыдан сараптан өткізу және жинақтау; құндылықтық-нормативтік іс-әрекет үлгісі эталондарын қалыптастыру құрайды. Осы тұрғыда ол дін және философияға ұқсас. Екіншіден, тұлғаны әлеуметтендіру мен мәдениетін жетілдіруде, оған мінез-құлық пен рефлективтік позицияларды сiңiруде, адамгершілік аспектіде шынайы өзара қарым-қатынасы тәжірибесін арттыруда ерекше маңызға ие.

Адам болмысына деген сүйіспеншілік пен сенімділік артуда. Адам олмысын тарихи шежіре тұрғысынан саралау және салыстыру – әлеуметтік қажеттіліктерге айналу. Ол дегеніміз – адам өмірінің кісілік өлшемін сабақтастыру, яғни азаматтық тәрбиені жандандыру, сондай-ақ ұлттық сана-сезім мен салт-дәстүрдің өрісін кеңейту немесе ұрпақты тәрбиелеу рәсімін реттеу. ...Түркі дүниетанымы адам өмірін, оның қасиеттерін ерекше қастерлей отырып, пендені тұрмыс тапшылығынан азат етуді, ал оның болмысын атамекен, атажұрт деңгейінде үйлестіруді мұрат тұтты. [3,106].

Шығыс мәдениетінде, түрік мәдениетінде адам болу мәселесіне көп көңіл бөлінген, адамдықтың қадірін қастерлей, құнттай білудің ұлағатын асқақтай жырлаған. [3,126].

Атақты режиссер Робер Лепаж «Адам бүгін театрға ертең адам болып қалу үшін барады». Рухани тәлім-тәрбие, тағылымның ордасы – театр туралы. Жақсы мен жаман арпалысып жатқан заманның ащы шындығын біліп, ақ пен қараның ара жігін ажырата алады. Нағыз мәдениет те, нағыз өнер де театрда.

Ұлттық театр өнерінің белгілері халықтың ежелден келе жатқан әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салтына (беташар, бәдік, жар-жар, жоқтау, қоштасу, қыз кәде, шілдехана), ойын-сауығы (алтыбақан, кімді қалайсың, қыз ойнақ, қынаменде, ортеке, судыр-судыр) мен халық қуақыларының өнеріне, ақындар айтысы мен шешендік өнерге саяды. Қазақ театр өнерінің тууына Орал, Орынбор, Омбыда орыстың кәсіби театрларының ашылуы ықпал жасады.

Қазақ халқының ұлт болып қалыптасу кезеңінде өзіне тән музыкалық дәстүрі дүниеге келді, соның нәтижесінде бай музыкалық мәдениеті қалыптасты.

Ұлттық театр өнерінің іргетасы халықтың ежелден келе жатқан әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салтына (беташар, бәдік, жар-жар, жоқтау, қоштасу, қыз кәде, шілдехана), ойын-сауығы (алтыбақан, кімді қалайсың, қыз ойнақ, қынаменде, ортеке, судыр-судыр) мен халық қуақыларының өнеріне, ақындар айтысы мен

шешендік өнердің элементтеріне негізделіп, бастау алған.

Қазақ қоғамының шынайы өмірін бейнелеген қысқа драмалық суреттеулер мен сценарийлер 1910–1915 жылдар аралығында жазылды. Театр өнері қазан төңкерісіне дейін қазақ жерінде дамыды. Ақмола, Тараз, Көкшетау, Орынбор, Ташкент, Түркістан, Шымкент, Қостанай, Петропавл қалаларында 1918–1924 жылдар аралығында жаңа труппалар құрылып, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Е. Ерденев, К. Кемелгерев, Б. Майлин, С. Сейфуллин пьесалары сахналанды. Оралдағы көпестердің орыс труппасы (1859), Тараздағы гарнизон әскерлері мен офицерлер труппасы (1887), Семейдегі музыка мен драматургиялық өнер сүйісшілер қоғамы (1890) қазақ әуесқой театрының дамуына бастама болды. Бұған ХХ ғасырдың басында пайда болған татардың көшпелі труппалары өз үлесін қосты. [4,1866]. Қазақтың кәсіби театр өнерінің шымылдығы ресми түрде 1926 жылдың 13 қаңтарында Қызылорда қаласындағы Қазақ мемлекеттік драма театрында М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» қойылымын көрсетілумен ашылды. Театрдың директоры және көркемдік жетекшісі Ж. Шанин, әйгілі әртістері мен әншілері Қ. Қуанышбаев, С. Қожамқұлов, Е. Өмірзақов, Қ. Бадыров, И. Байзақов, Қ. Жандарбеков, Ө. Қашаубаев, Қ. Мұңайтпасов, Ғ. Абдуллин қазақ театры өнерінің негізін қалаушылар болып тарихқа енді. [5,2216].

1928 жылы бұл театр Қызылорда қаласынан жаңа астана Алматы қаласына қоныс аударып, театрдың шығармашылық құрамында К. Байсейітова, Ж. Елебеков, М. Ержанов, Ш. Жиенқұлова, У. Тұрдықұлова сияқты өнер майталмандары өнер көрсетсе, ал 30-жылдардың ортасында Қ. Қармысов, С. Телғараев, Ө. Үмбетбаев, Р. Қойшыбаевалар қосылды. 1937 жылы театрға «академиялық» атағы берілді. Республиканың көптеген облыс орталықтарында, атап айтқанда, 1934 жылы Оралда, Семейде, Шымкентте, 1935 жылы Петропавлда, Ақтөбеде, 1936 жылы Қарағандыда, Таразда, 1938 жылы Атырауда, Павлодарда қазақ театрларының құрылу процесі басталды.

Алматы қаласында 1934 жылы Ұйғыр музыкалық драма театрының, Қызылорда қаласында 1937 жылы Корей музыкалық драма театрының ашылуы республикамыздың атаулы оқиғаларына жатады. Корей театры 1968 жылы Алматыға көшірілді.

1935 жылы Алматыда Мемлекеттік куыршақ театры ашылды. 80 жылдары осындай театрлар республиканың басқа да қалаларында көптеп ашыла бастады: Ақтөбе мен Жезқазғанда (1985),

Ақтауда (1981), Шымкентте (1983) және Петропавлда.

30–40-жылдар – бүкіл кәсіби ұлттық театрлардың шығармашылық құрамы қалыптасқан кезең. 1944 жылы Алматы қаласында балалар және жасөспірімдер театры ашылды. Соның негізінде 1945 жылы орыс труппасы, ал 1946 жылы қазақ труппасы қалыптасты. Осы театрды әр жылдары басқарған режиссерлер В. Гродский, Б. Добронравов, Г. Жезмер, М. Қосыбаев, А. Мадиевский, Е. Маркова, Мен Дон Ук, Е. Праслов, Б. Пучкин, А. Токпанов, С. Хайруллина болды. Актерлік құрамында Қ. Жәкібаев, Б. Қалтаев, К. Қожабеков, М. Құлманбаев, А. Мәмбетова, Ш. Мусин, К. Өмірзақов, Ә. Өмірзақова, С. Саттарова, Г. Кузьменков, Я. Мұратов, О. Решетниченко жұмыс атқарды.

1985 жылы бұл театр өз алдына Ғ.Мүсірепов атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ балалар мен жасөспірімдер театры және Н.Сац атындағы Мемлекеттік академиялық орыс балалар мен жасөспірімдер театры болып екі ұжымға бөлінді.

50-жылдары театр өнерінде кейіпкерлердің психологиясын терең ашуға беталыс анық байқалды. Бұған осы беталысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бір топ дарынды актерлердің келуі себеп болды: Алматы театр училищесінің түлектері А. Ружева, М. Салықов, З. Шәріпова, Ташкент театр-көркем институтының түлектері Н. Жантөрин, Ғ. Сүлейменов, Ж. Шүленбаев, ГИТИС қазақ студиясының түлектері М. Байзақова, Т. Жайлыбеков, М. Қамбаров, Р. Қаныбаева, Қ. Қуандықов, Б. Маусымбаев, Ы. Ноғайбаев. Бұл буынға режиссерлер М. Қосыбаев, Ә. Мәмбетов, Мен Дон Ук, Б. Омаров және басқа да атақты театр оқу орындарында жоғары білім алған театр қайраткерлері қосылды.

60-90-жылдар қазақ театр тарихындағы шығармашылық ізденістердің жарық кезеңі болып саналады. М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры сахнасында қойылған спектакльдер театрдың алтын қорына енді. Олардың ішінде Катерина ролінде Х. Бөкеева ойнаған, А. Островскийдің «Грозасы», Гарпагон ролінде Қ. Қармысов ойнаған Ж. Б. Мольердің «Сараңы», Катерина мен Петруччио рөлдерінде Х. Бөкеева мен Ш. Айманов ойнаған В. Шекспирдің «Асауға тұсауы», Тоғанай ролінде С. Майқанова ойнаған Ш. Айтматовтың «Ана-Жер-Анасы», Мольердің ролінде Н. Жантөрин ойнаған М. Булгаковтың «Кабала святошы» басты рольдерде А. Әшімов, Ф. Шәріпова және Ы. Ноғайбаев ойнаған Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тері» ерекше орын алады.

«Театр – хас сұлудың көз жасындай сұлу өнер» деп Ғабит Мүсірепов театрдың адам жанын тазартып – қанаттандыратын, намысын қайрап – рухтандыратын қасиетін айтқан. Қазақ «дала консерваториясының түлектері» Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, Шәкен Айманов, Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров т.б. қазақ театрының іргетасын қалады. Қазақ театрының қалыптасуы мен дамуында үлкен рөл ойнаған ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: «Қазақтың театр өнері біздің заманымызда басталғанына біз қуанамыз. Бірақ сол қуанышпен бірге бұл сияқты ірі өнердің келешегі үшін жауапты екенімізді ұмытпауымыз керек. Сондықтан бұл мәселеге үлкен сақтықпен кірісіп, көп ойланып, ептеп бастау керек» деп пікір айтқанда театр мәдениетін қазақ топырағына сіңіріп, дамытып, ұлттың мәдениетін көтеруді меңзейді. Томас Манша айтсақ, «Театр – тобырды халыққа айналдырады». Қазақ топырағында театр өнері қанатын кеңге жаюында еңбек сіңірген ұлт зиялыларының әрқайсысы театр өнері арқылы ұлттық әдебиетті, ұлттық драматургияны, жалпы ұлттық мәдениетті көтеріп, халықты тәрбиелеуді мақсат тұтты.

1925 жылы сол кездегі астанамыз Қызылорда қаласында құрылған тұңғыш кәсіби ұлттық театр 1928 жылы Қазақстанның жаңа астанасы Алматыға көшірілді. Мұхтар Әуезовтың күні бүгінге дейін театр сахналарынан түспей келе жатқан, ұлттық бет-бейнемізге айналған, тарихымыз бен салт-дәстүрімізді қаузаған, тұлғаларымызды танытқан «Абай», «Қара қыпшақ Қобыланды», «Қарагөз», «Айман-Шолпан» драмалары қойылып, әлі театр өнерін жатсынып жүрген қазақтың рухын көтеріп, театр өнеріне деген махаббатын оятып, құрметін арттырды. Халық «Өнер туындысы – өмірді түсінудің кілті» (Сағат Әшімбаев) екенін түсініп, өздерінше театр арқылы өмірді, өмір арқылы театрды түсінуге ұмтылды. Десе де, қазақ драма театры алғаш құрылған кездегі ең басты қиыншылықтардың бірі – ата-аналар қыздарының актриса болуына қарсы болды, сол себепті, бастапқыда барлық әйел образын ер актерлер сомдады. Бүгінгі сатиралық театрларда ер адамдар әйел образын халыққа күлкі сыйлау мақсатында ойнаса, ал ол кезде амалдың жоқтығынан актерлер әйел болып – күніреніп, әйел болып – жылады, әйел болып – мұңайып, әйел болып – әйелдің құлдық өміріне лағнет айтты.

Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Шәкен Айманов, Қапан Бадыров, Елубай Өмірзақовтар ешқандай Өнер академиясын бітірмесе де, олар кейіпкерлерінің образын шынайы ашып,

қазақ театрының тарихында ұмытылмайтындай, әрқайсысы өз мектептерін қалыптастырды. Бүгінде олардың әрқайсысы – бір-бір театр мектебі. Мысалы, Шәкен Айманов театрда сомдаған Ақан сері, Қобыланды, Отелло, Петруччо рөлдерінің әрқайсысы туралы жеке-жеке диссертация жазуға болады.

Қалибек Қуанышбаевтың «Абай» пьесасындағы терең, ойшыл, парасатты, қазағын қалың ұйқыдан ояту үшін «мыңмен жалғыз алысқан» Абайы қазақ театрын асқақтатып, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовті ерекше қуанышқа бөледі. Қ.Қуанышбаев Шекспирдің «Асауға-тұсауында» (М.Әуезов) Катаринаның әкесі Баптистаның рөлін шебер ойнап қоған жоқ, әріптестерін камшылап, спектакльді де алып шықты. «Ақан сері-Ақтоқты» пьесасын жазып шыққаннан кейін Ғабит Мүсірепов театр актерлеріне жаңа пьесасын оқып беріп, пікір күтеді. Жазушы-драматургтың мылқау кейіпкері қиналып болса да, ек-үш сөз айтады екен. Сонда Мылқау бейнесіне қатысты Қалибек Қуанышбаев: «Мылқау кейіпкер өзінің ым-ишарасымен өз ойын, айтқысы келген сөзін жеткізуге тиіс» деп, өзінің сыни-ескертпесін айтады. Ғабит Мүсірепов: «Сіздің пікіріңіз – дұрыс, мен де солай ойлағам, бірақ біздің актерлерге мылқаудың рөлін ойнау оңай емес қой» деп шарасыздық танытқанда, «бұл рөлді маған бер, мен ойнаймын» деп ең қиын, ең күрделі рөлді өзі сұрап алады. Театр режиссері Маман Байсеркенов: «Қалибек Қуанышбаевтың таланты мен асқан шеберлігінің арқасында «Ақан сері-Ақтоқты» спектакліндегі осы кішкентай эпизодтық рөл спектакльдің жүгін көтеріп, алдыңғы планға шығып кетті. Тіпті спектакльге мылқау ойынын тамашалау үшін келетін көрермендер көп еді» деген пікір айтады.

Өнердегі өз потенциалына шексіз сенетін, өзімен өзі жарысатын нағыз талант қана пендешіліктен биік тұрып, әріптестерінің табысына қолшапалақтай алады. Дарынды актер Құрманбек Жандарбеков «Сахна мақтаншы» атты мақаласында «Қалибек театрға басқаларымызға карағанда артықша қабілетімен келген адам. ...Қалибек – имитацияның асқан шебері. Бір өзі «Қыз ұзатудағы бажылдақ кемпір мен балпылдақ шалды, қыз сыңсуын, бұзаудың мөңірегені мен иттің үргенін, қасқырдың ұлығын – бәрінде де айнытпай, шебер бейнелеп, көркем шығаратын» деп жазып, әріптесінің өнеріне әділ де жоғары баға берді.

Серәлі (Серке) Қожамқұлов Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебегінде» – Еспембет, «Қара қыпшақ Қобыландысында» – Көбікті хан, Бейімбет

Майлиннің «Талтаңбайдың тәртібінде» – Талтаңбай, Ғабит Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлуында» – Қарабай, «Ақан сері-Ақтоқтысында» – Қонқай, «Амангелдісінде» – Тымақбай, Гогольдің «Үйленуінде» – Иван Павлович Яичница, «Ревизорында» – Артемий Филиппович Земляника бейнесін сәтті жасады.

«...«Еңлік-Кебек» трагедиясында Еспембет бидің кескінінде көрінген талантты Серәлінің тұңғыш қадамы мәдени ортаны бір желпінтіп тастағаны театр шежіресінен белгілі. Атақты жазушы Сәбит Мұқановтың Көбей рөлін ойнап, тың талантымен көрінер тұсы – осы кезең.

Ал Еспембет актердің ең таңдаулы жұмысы ретінде көрермен қауымның есінде мәңгіге қалып қойды. ...Рөл тағдырына жауапты қарауымен ерекшеленген актер тұлғасы отызыншы жылдардың өзінде қомақты көрінгені рас. Бейсенбай, Қыдыш, Арпабай (Әуезовтің «Бәйбіше-тоқал», «Түнгі сарын», «Тас түлегінде»), Қарашешен (Шаниннің «Арқалық батырында»), Өкендау (Жансүгіровтың «Кегінде»), Көдебай (Майлиннің «Майданында») – күдіретті актер өнерінің қыруар мүмкіндігі мен табиғи тума талантының сан алуан сырларын жарқырата көрсеткен елеулі рөлдері, Серке актердің шығармашылық сипаты өзіндік құпияларымен дараланады. Ұлы сахна теоретиги К.С. станиславский жүйелеген театр тағылымдарына жүгінсек, сол ғұламадан тікелей тәлім-дәріс алған айтқыш та, білгір ағамыз, тұңғыш дипломды кәсіби режиссеріміз Асқар Тоқпановтың пайымдауынша, сахна саңлағы, аты аңызға айналған әйгілі Серәлінің суреткерлік нұсқасы кейіпкерсындылық мектебі арқылы түзілмек. Демек, ол ұлт сахна өнеріміздегі бүтіндей бір мектептің көшбасшысы. ...Оның шеберлік ауқымы комелиялық рөлдерде айқындала, өткірлене, шыңдала түсетін. Б.Майлиннің «Талтаңбайдың тәртібіндегі» Талтаңбай, Ғ.Мүсіреповтың «Амангелдісіндегі» Тымақбай, М.Әуезовтің «Абайындағы» Майбасар, В.Шекспирдің «Асауға-тұсауындағы» Слаи, Педант, Н.В.Гогольдің «Үйленуі» мен «Ревизорындағы» Яичница мен Земляника бейнелері, сөз жоқ, көрермен көкейіне толассыз күлкі үйіер еді. Ә.Әбішевтің «Достық пен махаббатында» Тайманның, Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астындасында» Бекеннің, М.Әуезовтің «Қара қыпшақ Қобыландысында» Көбіктінің сахналық кескіндері – актердің шебер ойыны арқылы сәтім жарық көрген реалистік бояуға мол реалистік қаһармандар». [6, 33-34б]

«Өне бойымен сол рольге құлап түсіп, сүңгіп кетіп, тұтана өртені жүріп, жалындай ой-

найды» деп Мұхтар Әуезов баға берген Елубай Өмірзақов жазушы-драматургтер Ғабит Мүсірепов пен Бейімбет Маилиннің «Амангелді» пьесасында – Амангелдінің, Мұхтар Әуезовтің «Түнгі сарынында» – Жарас, «Абайында» – Дәркембай образын сомдап, актерлік шеберлігін танытты. «Амангелдіде» – елін жан-тәнімен сүйіп, ол үшін кеудесін оққа төсеп, жанын қиған кесек мінезді батырды, «Түнгі сарында» – 1916 жылғы ұлттық-азаттық көтерілісте дараланып көрінген, «ұлы идеяларға» сенген жалшы, кедей, бірақ намысшыл, өр Жарасты, «Абайда» – текті, қамқор, жанашыр, Абай заманындағы шындық пен ақиқатты іздеген кедей Дәркембайды шынайы сомдап, олардың тұлғалық қасиетін терең ашты.

Қапан Бадыров сомдаған Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебегінде» – Абыз бейнесін, «Абайда» – Керім, «Ақан сері-Ақтоқтыда» – Науан хазірет бейнелері – актердің қабілет-қарымын танытқан, «жұлдызды рөлдері».

«Серағаң көмедиялық рөлдерді характерлерді көбірек жасап көзге түссе, Құрекең махаббат қаһармандарын, жалындаған отты жігіттерді толғауға бейім еді. Сол сияқты, Қапанның да өзіндік бір бағыты бар актер. Ол көбінесе қоғам, мемлекет қайраткерлерін, әскери қолбасшыларды, реті келгенде ақын-ғұламаларды да ойнап жүре беретін бесаспап артист.

Соның арқасында ғана ол жасаған: Мамлок, Абай, Отелло, Михайлов кескіндері көрермендерге етене сіңісіп кетті. Көбірек оқып, көбірек ізденуінің нәтижесінде интеллектуалдық білімі мол саналы кейіпкерлерді ойнауға жақында тұратыны бар. «Қазақ артистерінің ішінде, – дейтін Асқар Тоқпанов, – өз басым Отеллоны Қапаннан тәуір ойнаған әлі ешкімді көре алмадым. Бір ерекшелігі, оның Отеллосында қызғаныш сезімінен гөрі, алданған сенім трагедиясы басым-тын. Әсіресе, Дездемонаны өлтіретін тұста актер көп ізденіп, көп еңбектеніп, өзіндік сара шешім тауып, жүзеге дәл асырғаны көпке белгілі».

Ұлы Ғабеннің «Ақан сері-Ақтоқты» пьесасындағы Хазіретті Қапекеңнен асыра ойнаған ешкімнің болмағанын театр зерттеушілері үлкен ізетпен айтады. Қапекең қай рөлге болсын аса жауапкершілікпен қарайтын білімді әрі ойшыл актер. станиславскийдің «кішкене рөл болмайды, кішкене актер болады» деген сөзін жадына ұстанған ізденімпаз Қапекең әр кейіпкердің психологиялық астарын ашуға, жан-дүниесіне үңілуге аса шебер, әрі сол өзі ойнайтын кейіпкермен жасасатын тынымсыз адам». [6. 39б]

Көркем шығармашылық — мәдениеттің жарқын формасы, оның түрлі тарихи дәуірдегі адамдар жасаған мәдени құндылықтың образ-

дық-символдық формасын сақтаған ең тұрақты компоненті болып табылады. Көркемдік мәдениет көркемдік эстетикалық табиғаты бар идеалдар мен құндылықтардан тұрады.

Қазақстанның тәуелсіздік алған кезеңінен Астана қаласында 1 опера және балет театры, 8 драма және музыкалық драма театры және 2 қуыршақ театры ашылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Театр өнері» бөлімі Қазақстандағы сахна өнерінің тарихы, теориясы және театр сыны бағытында ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысатын алғашқы және іргелі өнертану орталықтарының бірі болып табылады. Алғашында құрамында бейнелеу өнері, музыкатану және театртану салалары бойынша мамандарды жинақтаған «Өнертану» секторы Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақ КСР-ның Ұлттық Ғылым Академиясы Президиумында қазақ өнері мен мәдениетінің танымал қайраткері, композитор, академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтың жетекшілігімен ашылды. 1951 жылдан бастап секторға өнертану ғылымдарының докторы, Қазақ КСР ҰҒА корреспондент-мүшесі Борис Гиршевич Ерзакович меңгеруші болды.

Бұл кезеңде республика театрының тарихы мен теориялық мәселелерін зерттеу ісі ресейлік мамандар Н.И. Львов, В. Мессман, Л.И. Богатенкова, Л. Варшавскилердің еншісінде болатын. Сонымен бірге бұл кез Т. Есенгельдин, Б. Құндақбайұлы, З. Кереева, Р. Ғабитова, Н. Шәукенбаевалар секілді қазақтан шыққан зерттеушілердің театртану ғылымына тартыла бастаған кезі болатын. «Өнертану» секторының қазақ театр өнерінің тарихына арналған алғашқы зерттеулері осы жылдары жарыққа шықты. Өнертану ғылымдарының кандидаты Н.И. Львовтың «Казакский академический театр драмы» (1954) деп аталатын қысқа очеркі қазақ драма театрының шығармашылық жолының бастау көзінен 1953 жылға дейінгі аралығын қарастырса, осы зерттеушінің «Қазақ театры» атты тарихи очеркі «КСРО халықтарының театрлар тарихы» сериясымен 1961 жылы Мәскеудің «Искусство» баспасынан шықты (редакциясын жасаған Г. Гоян). Қазақстандағы кәсіби сахна өнерінің пайда болуы мен даму бағыт-бағдарын айқындаған автор ұлттық театр өнерінің тарихын, жалпы тенденцияларын бағамдап театртанушылық тұрғыдан жүйелеген. Еңбек Қазақстандағы драма, опера және балет, балалар мен жасөспірімдер, облыстық театр ұжымдарының тарихи қалыпташуы мен даму жолдарын ашуға тырысқан.

1961 жылы Қазақ КСР Ұлттық Ғылым Академиясы Президиумының шешімімен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты болып қайта құрылып, өнертану саласы жеке құрылым ретінде «Театр және бейнелеу өнері бөлімі» деген атаумен жұмыс істей бастады. Осы жылдардан бастап институттың кіші ғылыми қызметкерлері Б. Құндақбайұлы және Л.И. Богатенкова Мәскеудегі А.В. Луначарский атындағы Мемлекеттік театр өнері институты жанынан ашылған «КСРО халықтары театры» кафедрасының меңгерушісі, өнертану ғылымдарының докторы, профессор Г. Гоянның жетекшілігімен шыға бастаған 6 томдық іргелі зерттеу жұмысына тартылып, «Қазақ театры» бөлімдерін жазуға араласады. Сонымен бірге Институттың ғылыми зерттеу жобалары мен жекелеген авторлардың ізденістері нәтижесінде Ш. Құсайынов, О. Олидор, Н. Шәуекенбаева, С. Ордалиев, Е. Жақыпов, Қ. Қуандықов, Ә. Тәжібаев, Р. Нұрғалиевтің қазақ театры және драматургиясы жайлы іргелі еңбектері халық игілігіне айналды.

Қазақстанның көркем мәдениеті Кеңес өкіметі жылдарында әлденеше рет өрлеу мен құл-

дырау кезеңін басынан өткізді. Егер Қазан төңкерісінің жеңісі тұсында қазақ халқының әдебиеті мен сазгерлік мәдениетінің жеткілікті бай даму тарихы болса, бейнелеу, театр және кино өнері жаңа пайда болу шағында немесе мүлде жоқ еді. Көркем интеллигенцияның шығармашылық туындылары қазақ қоғамының таптық және идеялық-саяси жіктелуін айқын бейнелейді, таптық принциптерді жалпы адамзаттық қазыналардан бағалы санады. Қазақстанның Орталық Азия аймағы елдерімен, Қытаймен байланысы ұзақ уақытқа тыйылды. 20 жылдардың екінші жартысында профессионалды театр өнері және қазақтың ұлттық бейнелеу өнері пайда болды. Әнші Ә. Қашаубаев Париждегі Майндегі Франкфурттың концерт залдарында табыспен ән шығарды. Ұлы Отан соғысының қарсаңында Қазақстанда қазақтың мемлекеттік академиялық драма театры, Республикалық орыс драма театры, Қазақтың мемлекеттік опера және балет театры, ұлт аспаптар оркестрі, симфониялық оркестр, Республикалық қуыршақ театры, Қазақстан суретшілері және жазушылар одағы жұмыс істеді.

Әдебиеттер

- 1 Қазақ өнері. – Алматы: Білік, 2002. – 554 б.
- 2 Қазақ мәдениеті энциклопедиясы. – Алматы: Аруна, 2005. – 437 б.
- 3 Молдабеков Ж.Ж. Тектіліктің тұрағы – тұлғалыққа тірек // Адам әлемі. – 1999. – № 2. – 106.
- 4 Сығай Ә., Ахметов Ж. Театр тарихы. – Алматы: Өнер, 2004. – 186 б.
- 5 Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедия, 2003. – Т.5. – 221 б.
- 6 Сығай Ә. Сахна саңлақтары. – Алматы: Өнер, 1998. – 33-34 б.

References

- 1 Kazakh oneri. – Almaty: Bilik, 2002. – 554 s.
- 2 Kazakh madenieti ensiklopediyasi. – Almaty: Aruna, 2005. – 437 s.
- 3 Moldabekov Zh.Zh. Tektiliktin turagi – tulgalikka tirek // Adam alemi. – 1999. – № 2. – 10 s.
- 4 Sigay A., Ahmetov Zh. Teatr tarihi. – Almaty: Oner, 2004. . – 186 s.
- 5 Kazakh ulttik ensiklopediyasi.– Almaty: Kazakh ensiklopediyasi, 2003. – T.5. – 221 s.
- 6 Sigay A. Sahna sanlahtari. – Almaty: Oner, 1998. – 33-34 s.